

Бір шаңырақ астында

Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде Қазақстан Халық Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойына орай өткен фестиваль белсене қатысқан ІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ұжымы «Ең үздік көрме» аталымын жеңіп алды.

Басты байлығымыз – татулық пен достық. Бір шаңырақ астына жиналған әр ұлттың тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрінен сыр шерткен іс-шараның басты мақсаты – Қазақстанның көп ұлтты халқының бірлігі мен ынтымақтастығыны насихаттау еді.

Қостанай облысында тұратын халықтардың этнос, конфессияаралық қарым-қатынасы мен толеранттықты күшейтуді көздеген фестиваль аясында түрлі игі шаралар ұйымдастырылды. Тағылымы мол істердің барлығы жастар арасындағы ұлтаралық байланысты нығайтып, әр ұлттың мәдени мұрасы мен салт-дәстүрлерін зерделеуге бағытталған.

Жастардың бойынша ортақ Отанымыздың тарихы, тілі, ұлттық ерекшелігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеуді мақсат тұтқан студенттер фестиваліне Қостанай облысының 7 жоғары оқу орны қатысып, ұлттық киім үлгісі, әдеби-музыкалық композиция, көрме арқылы салт-дәстүрлерін көрсетті.

Фестивальда Ішкі істер министрлігі Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының шығармашылық ұжымы тәжік ұлтының тыныс-тіршілігі мен тарихын көрсетті. Шара шеңберінде көрініс пен көрмені ұйымдастыруға Қостанай қаласындағы «Шарқ» тәжік мәдени –ұлттық орталығы, тәрбие жұмысы бөлімінің қызметкерлері, Академияның Әйелдер және Жетекшілер кеңестері көмектесті. Көптің көмегі, тыңдаушылардың ауызбіршілігі арқасында жалпы ұпай саны бойынша Академияның шығармашылық ұжымы **«Ең үздік көрме»** атылымы бойынша бірінші орынға ие болды.

Балым Құрманғалиева
Қостанай қаласы